

Тасқала аудандық мәслихатының "Тасқала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 31 қазандағы № 12-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 мамырдағы № 22-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 4 маусымда № 7380-07 болып тіркелді

Тасқала аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тасқала аудандық мәслихатының "Тасқала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 31 қазандағы № 12-1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіміне № 7280-07 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Тасқала ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2 тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;"

7 тармақтың 8) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"8) дүлей апаттың немесе өрттің салдарынан зардап шеккен адамдарға (отбасыларға) осы жағдай туындаған кезден бастап үш ай ішінде 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіштің шекті мөлшерінде, табыстарын есепке алмай, бір рет;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Ж. Бисенғалиева